



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

12.05.2023 № 2 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

Тұрақты комиссияның  
2023 жылғы 12 мамырдағы  
қаулысы

Есірткінің заңсыз айналымына қарсы  
жүргізіліп жатқан жұмыстар және  
елордалық дәріханалар арқылы  
күшті әсер ететін препараттардың таралу  
фактілері турали

Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы мемлекеттік органдардың «Есірткінің заңсыз айналымына қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстар және елордалық дәріханалар арқылы күшті әсер ететін препараттардың таралу фактілері турали» ақпаратын тыңдал және талқылай отырып, мынаны атап өтеді.

Мемлекеттік органдар 2022-2025 жылдарға арналған «Астана – есірткісіз қала» өнірлік бағдарламасы жоспарының тармақтарын жүзеге асыру бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізіп жатыр.

Астана қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері Астана қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшелерімен, үкіметтік емес ұйымдармен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп есепті кезеңде 132 профилактикалық іс-шара, оның ішінде акциялар, семинарлар, дәрістер, кездесулер, конкурстар және спорттық іс-шаралар өткізді.

Елорданың 80 білім беру үйімінде пилоттық режимде құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджердің штат бірлігі енгізілді.

Есірткі құралдарын пайдаланатын адамдарды тіркеу мониторингі тоқсан сайын жүргізіледі.

Тыйым салынған сайттарды бұғаттау үшін әлеуметтік желілерде шектеу орнату бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл бойынша қабылдан жатқан шараларына қарамастан, шешушіді талап ететін проблемалық мәселелер бар.

2023 жылдың есепті кезеңінде қалалық Полиция департаментінің бөлімшесі 68 қылмыстық іс қозғады, оның 43-і есірткі сатумен айналысатын адамдарға қатысты.

000120

· Заңсыз айналымнан 51 кг 358 грамм әр түрлі есірткі заттар тәркіленді.

Қалалық дәріханалар арқылы күшті әсер ететін препараттардың таралуын болдырмау бойынша бірлескен іс-шараларға қарамастан, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар айналымы саласында күшті әсер ететін препараттарды сату фактілері анықталуда.

Жеке тұлғалар мен дәріханалық үйымдары «Трамадол», «Тропикамид» дәрі-дәрмектерін заңсыз сатқан фактілері орын алған.

Тұрақты бақылаудың болмауы дәрігердің рецептісі бойынша, соның ішінде нашақорлықтан зардал шегетін адамдарға босатылатын, дәрі-дәрмектерді рецептісіз сату және жалған медициналық өнімдерді тарату бойынша бұзушылықтардың өсуіне әкеледі.

Кала әкімдігінің Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығында 2022 жылдың басынан бері күшті әсер ететін препараттардың таралу фактілері туралы 8 өтініш тіркелген.

Сондай-ақ, Астана қаласында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штабтың (бұдан әрі - Ведомствоаралық штаб) қызметін қамтамасыз ету жөніндегі үәкілетті мемлекеттік органның жұмысы тиісті деңгейде болмай отырғанын атап ету керек. Астана қаласы әкімінің ұсынысы және қала әкімдігінің 2022 жылғы 19 сәуірдегі № 1-1151 қаулысы негізінде Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 25 мамырдағы № 185/258-VII шешімімен Ведомствоаралық штабтың құрамы бекітілген.

Сонымен қатар, Астана қаласының мәслихатына Ведомствоаралық штаб хатшылығының жұмыс органы болып табылатын «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нен ведомствоаралық үйлестіру қызметін қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды атқарушы органның басқа бөлімшесіне жүктеу туралы екі қызметтік жазба келіп түсті.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ**:

1. «Есірткінің заңсыз айналымына қарсы жүргізіліп жатқан жұмыстар және елордалық дәріханалар арқылы күшті әсер ететін препараттардың таралу фактілері туралы» ақпарат назарға алынын.

2. Астана қаласының әкімдігіне (Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына):

2022-2025 жылдарға арналған «Астана - есірткісіз қала» өңірлік бағдарламасы жоспарының іс-шараларын орындауды жалғастыру;

Ведомствоаралық штабтың жұмыс органын бақылау және оның тиісті жұмыс атқаруын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

Ойын-сауық мекемелерінде кәмелетке толмаған тұлғалардың есірткілік және алкогольдік масаң күйде болу фактілері үшін, сондай-ақ сол жерде есірткі мен алкогольді сату немесе тұтыну фактілері анықталған кезде, олардың басшылықтарының және күзет үйімдарының әкімшілік жауапкершіліктерін арттыру;

жасырын есірткі зертханаларын және есірткі дайындау кезінде пайдаланылатын «конструкторлардың» айналымын ұйымдастыру үшін жауапкершілікті күшету ұсынылсын;

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Астана қаласы бойынша департаментіне:

тәуелділік тудыратын дәрілік препараттардың заңсыз таралуына қарсы құресті жандандыру, сондай-ақ дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың рецептісіз босатылуының алдын алу;

дәрі-дәрмектердің жасөспірімдерге оңай қол жетімділігін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне хат жолдауға бастамашылық жасау, дәрі-дәрмектерді рецептісіз босату рәсімін және электрондық рецепттерді беру тетігін пысықтау ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ:

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторий тізбесінен халықтың өмірі мен денсаулығына ықтимал қатер төндіретін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналымы саласындағы объектілерді алып тастау туралы ұсынысымен хат жолдауға бастамашылық жасау;

есірткіге тәуелділікті ерте кезенде анықтауға, әсіреле жасөспірімдер арасында, мүмкіндік беретін скрининг жүйесін енгізу;

тәуелділігі бар тұлғаларды медициналық-әлеуметтік оңалтумен тікелей байланысты емдеудің тиімділігін арттыру ұсынылсын.

5. «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ қала әкімдігінің Қалалық психикалық денсаулық орталығымен бірлесіп кәмелетке толмағандарға консультациялық, профилактикалық, емдеу-диагностикалық және оңалту көмегін көрсету ұсынылсын.

6. Астана қаласының Полиция департаментіне:

есірткі сату мен қолданудың алдын алу бойынша тиімді шаралар кешенін қабылдау;

профилактикалық іс-шаралар мен рейдтер жүргізу, сондай-ақ тұрғын үй кіреберістерінде бейнебақылау камераларын орнату жұмыстарын жалғастыру;

елорда арқылы есірткі трафигінің алдын алу және жолын кесу мақсатында Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне «Рубеж» («Тосқауыл») бөгөу бекеттерінің қызметін қайта жандандыру жөнінде хатқа бастамашылық жасау;

көніл көтеру орындарында кәмелетке толмаған тұлғаларды анықтау үшін үкіметтік емес және мұдделі мемлекеттік ұйымдармен бейнетүсірілімді пайдалана отырып, нүктелік бірлескен рейдтер жүргізу және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау;

синтетикалық есірткілерді тікелей байланыссыз интернет-ресурс арқылы сатылуын анықтауға баса назар аудару;

есірткі заттарын тарататын сайттарды бұғаттау, есірткі сататын дүкендерді жарнамалайтын граффитilerді жою бойынша іс-шаралар жүргізу;

полиция органдарына есірткіге қатысты құқық бұзушылықтар туралы хабарлаған азаматтарды ынталандыру және көтермелеу жүйесін әзірлеу;

қалалық полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы штатының санын көбейту мәселесін пысықтау ұсынылсын.

7. Астана қаласының Полиция департаментіне және «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ, «Астана қаласының Қоғамдық деңсаулық сақтау басқармасы» ММ:

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне мектеп инспекторлары лауазымын енгізу қажеттігі туралы хатқа бастамашылық жасау;

мектептерде балалармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу іс-шараларына қатысу үшін бейінді тұрақты комиссия депутаттарын тарту ұсынылсын.

8. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ, «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ, «Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, «Астана қаласының Мәдениет басқармасы» ММ, «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» ММ:

нашақорлықтың, уландырыш заттар мен алкогольді тұтынудың алдын алу және ескерту мақсатында кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;

әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар үшін үйірмелердің, секциялардың және аула клубтарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;

есірткі, алкоголь және тәуелділіктің басқа түрлерін тұтынудан бас тартуға шешім қабылдаған жастарды әлеуметтік оңалту мақсатында емдеу мекемелерімен, наркологтармен, психологтармен тығыз байланыста болу;

есірткі қолдануды жарнамалау мен насиҳаттау және жастарды есірткі қылмысына тарту фактілерін болдырмау мақсатында журналистер мен блогерлердің қатысуымен есірткіге қарсы бағыттағы семинарлар өткізу;

үлкен оқырмандар аудиториясы бар блогерлер мен танымал тұлғаларды есірткіге қарсы насиҳаттауға тарту;

«Астана - есірткісіз қала» өнірлік бағдарлама аясында қалада жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялау ұсынылсын.

9. Мемлекеттік органдар осы қаулының орындалуы жөнінде ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынсын.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының зандағылыш, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
зандағылыш, құқық тәртібі және  
жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**



**А. Айтхожин**